

**«Shymkent» әлеуметтік - кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік
қоғамының Шымкент қаласы бойынша тексеру комиссиясының
қатысуымен болған брифинг отырысының
№ _____ ХАТТАМАСЫ**

Шымкент қаласы

2022 жылғы 18 сәуір

«Shymkent» әлеуметтік - кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамының отырысына Басқарма Төрағасы Илимбаев Расул Русланович төрағалық етті.

1. Қатысқандар:

- Басқарма Төрағасының орынбасары Каттабеков Ерлан Нурланович;
- Комплеанс қызметінің басшысы Лештаев Максат Орынбасарович;
- Комплеанс қызметінің маманы Элиманов Бауржан Шарбекович;
- Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік департаментінің Директоры Нурсултанова Бибизухра Жунусовна;
- Стратегиялық және бюджеттік жоспарлау Департаменті директорының орынбасары Тлемисов Галымжан Салимжанұлы;
- Әкімшілік-құқықтық жұмыстар Департаментінің бас менеджері (заңгер) Тогисбаев Ерлан Спабекович.

2. Шақырылғандар:

- Шымкент қаласы бойынша тексеру комиссиясының Сапаны бақылау бөлімінің басшысы Елшибаев Габиден Усенович - баяндамашы;
- №2 мемлекеттік аудит бөлімінің бас инспекторы-мемлекеттік аудитор Есиркепов Ерлан Асанович – баяндамашы;
- Бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері.

3. Күн тәртібі:

Шымкент қаласы бойынша тексеру комиссиясы (бұдан әрі – Тексеру комиссиясы) тарапынан «Shymkent» әлеуметтік - кәсіпкерлік корпорациясы» (бұдан әрі - Қоғам) акционерлік қоғамының атқарған қызметін бағалау және бюджеттен бөлінген қаражаттары мен активтерін пайдалануына тиімділік аудитін жүргізу» аудиторлық іс-шарасы аясында «Shymkent» әлеуметтік - кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамында жүргізілген аудит қорытындысы бойынша анықталған кемшіліктер мен бұзушылықтарды талқылау және мемлекеттік аудиторлар тарапынан бюджеттік және басқа да Заңнамалар бойынша брифинг өткізу.

Бірінші сөзді төрағалық еттуші Р. Илимбаев алып, жоғарыда аталған аудиторлық іс-шара бойынша анықталған кемшіліктерге сәйкес мемлекеттік аудитор Г.Елшибаевқа берді.

Г.Елшибаев, аудит іс шарасы барысында орын алған кемшіліктерді айтып өтті. «Шымкент қаласының Солтүстік-Шығыс бөлігінде Шымкент Сити ықшам ауданында №1, 6, 7, 8, 9, 10 алты 10 қабатты үй салу» бойынша қалған қалдық 714 153,0 мың теңге бюджет қаражаты мен «Шымкент қаласы Қаратау ауданының Әкімшілік-іскерлік орталығында көп пәтерлі тұрғын үй

салу» (сыртқы инженерлік желілерсіз)» объектісі бойынша қалған қалдырып
191 478,2 мың теңге бюджет қаражаты бойынша қолданыстағы бюджет жоспары
басқа да заңнамаларға түсінік берді.

Қосымша сөз алған мемлекеттік аудитор Е.Есіркепов, аудитор
барысында «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының талаптарын түсіндіріп
өтті.

Келесі сөз кезегін бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептің
департаментінің Директоры Б.Нурсултанова алып, алдағы уақытта жоғары
аталған кемшіліктерді болдырмау мақсатында бюджет қаражатын жоспарлау
жаратылу барысында Қазақстан Республикасының қолданыстағы бюджет
және өзге де заңнамалары қатаң басшылыққа алып, Нұсқама мен Ұсыныс
көрсетілген ескертулерді болдырмау амалдары қарастырылатынын
болатындығын атап өтті.

Отырыстың соңында төрағалық етуші Р. Илимбаев сөз алып, барлық
қатысушылар мен шақырылғандарға алғысын білдіріп, осы отырыста
айтылған ескертулер мен ұсыныстар бойынша әр сала бойынша жауап
адамдарға мерзімінде және сапалы орындау бойынша тапсырмалар беріп
бірқатар жұмыстар атқарылатындығы айтылды.

Төрағалық етуші:




Р. Илимбаев

Қатысқандар:



Е. Каттабеков



М. Лештаев



Б. Элиманов



Б. Нурсултанова



Г. Тлемисов



Е. Тогисбаев

Шақырылғандар:



Г.Елшибаев



Е.Есіркепов

Хатшы:



Б. Элиманов